**«Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жылдық бойынша өткізілген іс-шаралар есебі**
**2024-2025 оқу жылы**

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:**

- Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді. Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды:

- ұлттық мүддені ілгерілету;
- тиімді қарым-қатынас және басқалармен ынтымақтастық орнату;
- қоғамға қызмет ету;
- этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;
- инновациялық ойлау;
- идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер қолдану.

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Қараша айы** – әділдік және жауапкершілік айы;

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының әлеуметтік жобалар мен іс-шаралардың тақырыптық күнтізбесі бойынша барлық іс-шаралар өткізіліп, әлеуметтік желілерге жарияланды**.

**<u>Әр айдың іс-шаралары :</u>**

**күнделікті**

• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

**Апта сайын:**

- 

**Тәрбие жұмысының ұйымдастыру анықтамасы**

- **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады

"Ауыл мектебіне 50 кітап" жобасы бойынша кітаптар берілді. Республика бойынша 20 мектепке таратылды. Біздің мектеп соның ішінде. Мектеп түлегі Шайзанда Ерғажының демеушілігімен.

https://www.instagram.com/p/C_c7fp_Ntv1/?igsh=MTI2dmZpY3hrMHl6cQ==

1 қыркүйек – Білім күніне арналған **«Мектебім мейірім мекені»** атты салтанатты жиын өткізілді. Ауыл әкімі, зейнеткер ұстаздар келіп, жылы лебіздерін білдіріп,құттықтауларын айтып, ауыл имамы ақ батасын берді.

1 қыркүйек "Білім күніне" арналған "Менің Отаным - Қазақстан" атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/ZigEJzYnJiuhDj81/?mibextid=TrneLp

https://www.instagram.com/p/C_fP7kKtnaR/?igsh=N2dyZDdwbmNiamR2

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне арнайы жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілді**. «Тілім менің – аманат болған ғасырдан»** атты тақырыпта апталықтын ашылу салтанаты өткізілді.

**«Тіл ұлттын жаны»** тақырыбына сәйкес безендіру жұмыстары жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/C_iw2RcNj0y/?igsh=MXV6ZHZ2a3oxMTdnaQ==

**«Тіл ұлттын рухани негізі»** тақырыбында 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.
https://www.instagram.com/p/C_s0Ew_N7oC/?igsh=Z3psajhjZW1namp2

9 сынып оқушылары арасында **«Soz zerde» тақырыбында** сайыс сабақ өткізілді. Сабақ бойынша ұсыныстар жауапты мұғалімдерге ескертілді, айтылды: Умирзаков М.Қ , Қойлыбаева А.А.
https://www.instagram.com/reel/DA-D6xLtIZL/?igsh=bGJlZWJwcjFvbjJt

11 қыркүйек күні «**Тіл ұлттың жаны**» атты тақырыпта 3-9 сыныптар арасында диктант алынды. Жауапты сынып жетекшілер, тіл мамандары.

https://www.instagram.com/p/C_zauUQtMI5/?igsh=MWwxOWplNG1rdmw4OQ==

12 қыркүйек күні «**Оқуға құштар ұрпақ**» тақырыбында (Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының  мұрасын дәріптеу мақсатында 7-8 сыныптар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жауапты мұғалімдер: Тулешова А.М, Сүлейменова А.Т.

https://www.facebook.com/share/p/7zLZEBSG2YuG3uQu/?mibextid=qi2Omg

Қыркүйек айының 2 жексенбісі бізде отбасы күні . Отбасы күніне арнайы апталық жоспар құрылды.

Отбасы күніне байланысты Ата-аналар жиналысында мектеп психологы ата-аналармен «Мен күшті» атты  тренинг өткізді.

https://www.instagram.com/p/DAbHUM3NtX6/?igsh=a2lnaWZnZWUycmg1

https://www.facebook.com/share/p/1QSpmizQcB95h4g6/?mibextid=TrneLp

Бастауыш сыныптар арасында Отбасы күніне арналған «Менің отбасым» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/DAAjn7UtdNh/?igsh=ZjFwMW9tMGNpcmJ5

https://www.facebook.com/share/coqH8Z6KUmt6bUu2/?mibextid=oFDknk

Жоспар бойынша **«Отбасы құндылықтары»** тақырыбында сынып жетекшілер, оқушылармен бірлесіп, бейне құттықтаулар жасады.

https://www.instagram.com/reel/DA-Hn-wN0Eo/?igsh=M3M1OGkxa2FxbzN4

12 қыркүйек күні жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DAbHUM3NtX6/?igsh=a2lnaWZnZWUycmg1

19 қыркүйек *Біздің мектеп буллингке қарсы*  тақырыбында 5-11 сынып оқушылары флешмоб билеп, сол арқылы өздерінің буллингке қарсы екендерін көрсетіп, жалпы республикалық челенджге қатысты.
https://www.instagram.com/reel/DAFuwXDt-ZY/?igsh=eXJvazA0a3Y3MzBp

https://www.facebook.com/share/v/63as7NE2KF6NJNVD/?mibextid=qi2Omg

1-11 сыныптар арасында «Буллингке жол жоқ», «Қазақстандағы телефондары мен жедел қызмет телефондары» «Жедел қызметтер мен

байланыс орталықтарының телефон нөмірлері»  тақырыптарында сынып сағаттары өтті

.https://www.instagram.com/p/DAVPdCptfMw/?igsh=MTU1amhyNXQ5bXljcA==

«Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы асында Айтыс өнері туралы музыка пәні мұғалімі Рахметов М.Ғ. 3 сынып оқушыларына танымдық сабақ өткізді.

https://www.instagram.com/reel/DATRYWXNoBF/?igsh=MTA2aDhpYmhxdGtsdA==

Қыркүйек айының 3 жексенбісі «Аналар күні»

Аналар күніне орай мектебімізде Денсулық зор байлық ұранымен аналар арасында спорттық жарыс ұйымдастырылды. Жарыстың ашылуын мектеп директоры Ганеев Т.М. құттықтап, қатысатын аналарымызға сәттілік тіледі. Жарысқа Отаутүскен, Шалқар ауылының аналары және мектеп ұжымының аналары қатысты. Аналарымыз белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болып марапатталды. Аналарымыз сөз сөйлеп мектеп ұжымына ризашылығын білдірді.

https://vm.tiktok.com/ZMhjP5vNh/

https://www.instagram.com/reel/DAWV9tgNbs9/?igsh=b2l3enJzNnhhbDY5

https://www.facebook.com/share/p/32ViQ5ouqFU8MeTt/?mibextid=qi2Omg

26 Қыркүйек күні мектебімізде Таза бейсенбі күні ұйымдастырылып, мұғалімдер мен оқушылар мектеп ауласын жинап, сенбілік өткізді.

https://www.instagram.com/p/DA-G47NNkM0/?igsh=MXRpMmF4bHY0eHduOA==

Қыркүйек айының 4 жексенбісі Еңбек күні

Мектебіміздің кәсіподақ төрайымы Қонақбаева Д.Ж ұйымдастыруымен қыркүйек айының соңғы жексенбісі “Еңбек күні” күніне орай мектебімізде Отаутүскен ауылы,Шалқар ауылы, Шалқар орта мектебінің ұжымы арасында волейболдан жарыс өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DAa20QdN8Fe/?igsh=MXBzZmhqa2tlZngw

1 қазан қарттар күніне орай мектебіміздің 7 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен *Қарттарын қадірлеген  ел ардақты* атты  мерекелік

концерт өткізілді. Мерекелік іс-шараға ауылымыздың қарт ұстаздары шақырылды. Мектеп директоры Ганеев Т.М. ардақты қонақтарымызды құттықтап, алғыс хат, құрмет грамотасымен марапаттады. Қонақтар оқушылардың онерлерін тамашалап, ризашылығын білдіріп, ақ баталарын берді.https://www.instagram.com/p/DAlpcExyq1x/?igsh=cGJ0YWhxMHBwNGNt

3 қазан мектебіміздің өзін-өзі басқару мүшелері Дублер күніне дайындықтарын бастап, арнайы видеоролик түсірді.

https://www.instagram.com/reel/DApadJToEg4/?igsh=aXZpMWp5b285Z2c1

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Үнемді тұтыну күнделікті өмірде суды тұтыну бойынша табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру мақсатында үзіліс уақытында білім алушылар видеоролик түсірді.8 сынып оқушылары.

https://www.instagram.com/reel/DAp9EqMt6vV/?igsh=MWYybjMwdjJkZXl2OA==

5 қазан ұстаздар күніне орай Өскелен ұрпақтың ұстаздарға деген құрметімен сүйіспеншілігін арттыру мақсатында республикалық «Даналық ұстаздан», «Ұстазым» әнің Тулебаева Аружан жолдады.

https://www.instagram.com/reel/DAp9ZEiteGA/?igsh=MXVmNWRwZjdtbjF3aQ==

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы

"Ұстаздар" күніне орай ұстаздардың бір біріне деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған "Даналық ұстаздан" челенджіне Шалқар ЖОББМ ұстаздары белсене қатысып, өзін-өзі басқару мүшелері видеоролик түсірді

https://www.instagram.com/reel/DAvFRDFt2AP/?igsh=NXpwdWQzejloMHNi

Шалқар ауылының ЖОББМ мектебінің оқушылары «Намыс спартакиада аясында аудандық шешуші әскери-қолданбалы көпсайыс жарысында жүлделі 1-орынға ие болды.

Жетекшісі: Закарьянов Қ.Н.

https://www.instagram.com/p/DA0BVpkNeWj/?igsh=MTRnZzJ3bHJ0ZWl5Nw==

5 қазан Ұстаздар күні

ектебімізде  өзін-өзі басқару алқасының оқушылары 5 - қазан  Ұстаздар күні күніне орай “Ұстаздар - ұлы тұлғалар” атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.Тәрбие ісінің меңгерушісі Искаков А..А ұстаздар күні мерекесімен құттықтап, ұстаздарымызды құрмет грамотасымен марапаттады

https://www.instagram.com/p/DA0IPnhNr5x/?igsh=MTl6eTQ2a2YxN3B1cA==

Шалқар ЖОББМ

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “Үнемді тұтыну” - күнделікті өмірде электр энергиясын үнемді тұтыну,   бойынша электр энергиясын тиімді пайдалануды қалыптастыру мақсатында, 8 сынып оқушылары арнайы видеоролик түсірді.

https://www.instagram.com/reel/DA-AeqqtOwh/?igsh=aGVzdWVhOGo2amM=

Шалқар ЖОББМ мектебінде "Төрт тоқсан - төрт өнер" жобасы аясында " Ақындар айтысы" бағыты бойынша 5-6-7 сынып оқушылары арасында викториналық ойындар бағытында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Оқушылар 4 топқа бөлініп, өз өнерлерін, білімдерін ортаға салды..

Өткізген пән мұғалімдері: Койлыбаева А.А.
Рахметов М.Ғ
https://www.instagram.com/reel/DA-D6xLtIZL/?igsh=bGJlZWJwcjFvbjJt

Шалқар ЖОББМ мектебі
"Ұлттық ойын - ұлт қазынасы" үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

https://www.instagram.com/p/DA-EWfmNhuy/?img_index=2&igsh=MWVmNjB2MHNybTJlMQ==
Мектебіміздің тимуровшылар командасы мен мектеп директоры Ганеев Т.М және тәрбие ісінің орынбасары Искаков А.А ауылымыздың жалғызбасты Сара әжеміздің үйіне барып көмек көрсетті.Ағаштарын қораға кіргізіп, отынға ағаш жарып берді. Әжеміз ақ батасын беріп ,ризашылығын білдірді.

“Таза бейсенбілік” күнін ұйымдастырып,мұғалімдер мен оқушылар сенбілік өткізді. https://www.instagram.com/p/DA-G47NNkM0/?igsh=cnI2dXduYW85ZmZx

https://www.instagram.com/p/DA-GEWlNsfX/?igsh=MXh1aTVpNm0wa3k2dg==

14.10 Біртұтас тәрбие бағдарламасының Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы “Отбасы- тәрбиенің алтын бесігі” челленджін ұйымдастырды.Видеоролик түсірілді. 5сынып оқушысы Мухаметдулла Аяжан мен анасыhttps://www.instagram.com/reel/DA-Hn-wN0Eo/?igsh=M3M1OGkxa2FxbzN4

11 қазан күні қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Умирзаков М. Қ. және тарих пәні мұғалімі Муканова Г. Н.

ұлт қайраткері Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлының туғанына 120 жыл толуына орай «Ұлы Дала тұлғасы» тақырыбында парасаттылық сағатын өткізді. Іс-шара 3 кезеңге бөлініп, парасаттылық ұғымы мен Нұртас Дәндібайұлының тұлғасы арасындағы байланыс туралы сөз қозғалып, тарихи тұлғаның өмірбаянынан бейнеүзінді көрсетілді. Оқушылар 3 топқа бөлініп, викториналық сұрақтар мен АКТ арқылы Нұртас Оңдасыновтың өмірі мен қызметін талдап, жарысқа түсті.

https://www.instagram.com/p/DA-hxXgNKyk/?igsh=MjZreGVuZzRtNzFx

Мектебімізде 1-11 сыныптар арасында күзгі жәрмеңке ұйымдастырылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02bcwVqQDj79E9ZpzcZN2LAxnsXSArMu3KyzpRv3zUz1E5Jq31VbNEvBkTxfDHbKhRl&id=100072452918135&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V

“Шалқар ЖОББМ” КММ- де Мектеп Президентінің сайлауы өткізілді.

Сайлау қорытындысы бойынша мектеп президенті Сармурзин Альтаир сайланды.

https://www.instagram.com/p/DBTVAOEvAg9/?igsh=eGdkZ2w4emt1a3hm

25 қазан Республика күніне арналған "Менің елім-Қазақстан" атты тақырыпта сынып сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DBYgf51NcE2/?igsh=dHQ5N3ZzZDlpcnhx

22 қазан күні 5 сынып оқушыларына “Реніштен арылу” тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Тренинг мақсаты: реніштің қалай туындайтынын және оның салдары туралы түсіндіру. Бір- бірімен жақсы қарым-қатынас орнату. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Реніш туралы өз ойлары тыңдалды. Қарым- қатынас барысында бір-бірінің жеке шекараларына өтпеу қажеттігі түсіндіріліп психологиялық жаттығулар жасалынды.

Өткізген: Педагог психолог Мұрат.Д.О
https://www.instagram.com/p/DBbBO7mtvQu/?igsh=MThzYzZmOWkwaWRuYg==

25 қазан Республика күніне арналған "Әнұран айту" челенджі

Әнұран-мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранның Ұлттық ерекше аспектісі бар. Әнұран арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жарияланды. Бүгінгі Әнұранды жатқа айтудың мақсаты-еліміздің мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсету, өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру....

https://www.instagram.com/reel/DBfpNwmNCMH/?igsh=MXZvMGxnYXhzbnZzcA==

25 қазан- Республика күніне орай мектебімізде "Қазақ елі- менің Отаным" атты мерекелік іс- шара өтті.
Мақсаты:
ҚР ұлттық мерекелері туралы мәлімет беру.
Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру.
Жас ұрпақтың бойына туған еліне деген патриоттық сезімін қалыптастыру.
https://www.instagram.com/p/DBoOFGvNKxa/?img_index=1&igsh=aWM4aGk2b3N5aTQ=

Шалқар ауылының ЖОББМ КММ

8-11 сынып оқушыларымен Целиноград аудандық прокуратурасының аға прокурорлары БакашбаевА.Т., Нұрғали А.Ж.. нашақорлықтын алдын алу мақсатында, «нашақорлық  есірткісі» тақырыбында дәріс өткізді.

https://www.instagram.com/p/DCHy72FtRnt/?igsh=MWE4N3IyMDh5NGZzYg==

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аға учаскелік инспекторы,полиция капитаны Балгожина Аида Манатайқызымен 6-11 сынып оқушылар арасында құқықбұзушылықтын алдын алу тақырыбында түсіндірме жұмыс жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DCjiUIBt4_h/?igsh=MXB2ZmlzZTAwa3NhYQ==

Сан түлекке қанат қақтырған алтын ұя мектебімізге биыл 50 жыл толып отыр. Осы мерекеге байланысты 2024 жылдың 15 қараша күні "Сан қыранды самғатқан алтын ұя" атты мерекелік кеш өткізілді.
Балдәурен шақтың куәсі болып, үлкен өмірге самғатқан мектебіміздің мерейтойына 1974 жылы мектеп табалдырығын аттаған және 1975 жылы мектебімізді бітірген түлектер шақырылды. Сонымен қатар осы жиынға аудан білім бөлімінің басшысы Искаков С.А. қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DCmPcDXtolZ/?igsh=b2RnMHJuYTUyYzY2

Шалқар ауылының жалпы білім беретін мектебінде " Бұрымды қыз" атты шаш өру байқауы өткізілді. 18-25 қараша айында 5-11 сыныптың қыздар арасында " Бұрымды қыз" атты шаш өру байқауына 10 қыз бала қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DCyQvUfN1lB/?igsh=bDM0d2NyamhjcjZh

Мектебімізде «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында Республика күніне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы дебат ойыны өткізілді

https://www.instagram.com/p/DC8kTbSNtfN/?igsh=MXE5ZWs5MjBubWh4cQ==

"Шалқар ауылының ЖОББМ"КММ ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы аясында "Жасөспірімдердің ұйқысы : Оқу және мінез-құлыққа әсері"тақырыбында 5,6-сынып ата-аналарына педагогикалық қолдау сабағы өткізілді.
Мақсаты: ата-аналардың ұйқыға жауапкершілікпен қарауы жасөспірімнің денсаулығын және психикалық саулығын сақтау факторы ретінде қарастыру.
Өткізгендер: Смаилова Ж.М., Омарова К.С

https://www.instagram.com/reel/DC_HoFxNCrB/?igsh=MXQ4aWk2MzY1dGt4MQ==

29 қараша күні мектеп тәлімгері Омарова Қ.С. және өзің -өзі басқару алқасының мүшелерінің жоспарына сай мектебімізде оқушылардың шығармашылық таланттарын, актерлік шеберліктерін жетілдіру мақсатында 6-9- сыныптар арасында "Ата-ана,Ұстаз,Бала" атты тақырыпта көңілді тапқырлар ойыны ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/DC_HK6btgwr/?igsh=cmpmY3dmbWduaTV3

"Шалқар ауылының ЖОББМ" КММ ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы аясында "Үйден тыс тамақтану" тақырыбында 9-11сынып ата-аналарына педагогикалық қолдау сабағы өткізілді.
Мақсаты: Жасөспірімдердің денсаулығын нығайту факторы ретінде олардың дұрыс тамақтануына ата-аналардың жауапкершілігін қалыптастыру.
Өткізгендер:
Тажиев Б.А. Смаилова Г.А., Муканова Г.Н.

https://www.instagram.com/reel/DC_L4QpN1Ja/?igsh=N2tobmppdmd2YjZ3

Шалқар ауылының ЖОББ мектебінде біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “Барлық отбасы үшін пайдалы рацион” тақырыбында 7, 8-сынып ата-аналарына педагогикалық қолдау сабағы өткізілді.
Мақсаты: Баланың салауатты өмір салтының шарты ретінде ата-аналардың теңдестірілген тамақтану мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
Өткізгендер: Сулейменова А.Т, Койлыбаева А.А

https://www.instagram.com/reel/DC_QCL6ND6X/?igsh=NTFiajZyejF1Nmt6

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “Салауатты тамақтану әдеттерін қалыптастыру” тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау сабағы өткізілді.
Мақсаты: Отбасында салауатты тамақтану әдеттерін дамыту.
1,2-сынып ата-аналарына өткізген Конакбаева Г.Т.

https://www.instagram.com/reel/DC_SDDntVGB/?igsh=MTMxYW5vejZ5OGJpbQ==

"1 желтоқсан – Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні"

Шалқар ауылының ЖОББМ мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Искаков А.А. ұйымдастыруымен, мектеп медбикесі: Молдабаева Д.Ө

"Өзіңді қорға!", "ЖИТС-не жол жоқ!" тақырыптарында 9-11 сыныптар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/DDEttHjN1sF/?img_index=3&igsh=MWs2c3B5cG10d2c5Mw==

Шалқар ауылының ЖОББМ мектебінде
3 желтоқсан күні мектебімізде психологиялық апталықтың ашылуы өтті.
Мақсаты: Ұстаздар және оқушылар арасында қолайлы климат орнату.
Буллинг және кибербуллингтің алдын алу
Оқушылар мен сыныптар арасында жақсы қарым-қатынас орнату. Достыққа, ауызбіршілікке және бір-бірін сыйлауға баулу.
Ұстаздарға, оқушыларға жақсы көңіл-күй сыйлау, эмоционалдық қысымды түсіру.
Мектеп психологы: Мұрат Д.О.
https://www.instagram.com/reel/DDHnJdii5G-/?igsh=MTdwYjZlNTcxMXJ2bA==

Шалқар ауылының ЖОББМ мектебінде
"Зорлық-зомбылыққа қарсы белсенділік акциясы" аясында, мектеп психологы "Әр қиындықтан шығу жолдары" атты тренинг өткізді.
Мектеп психологы: Мұрат Д.О.
https://www.instagram.com/reel/DDJYOOstHKf/?igsh=MWl5aTk0Z2FieHhnaA==

Шалқар ауылы ның ЖОББМ- де 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында “ Гендерлік зорлық - зомбылыққа қарсы белсенділіктің 10 күні” халықаралық науқаны басталды.
https://www.instagram.com/reel/DDPAg63teTf/?igsh=MWF6M21ubzczejV1ZA==

“Шалқар ауылы ЖОББМ”КММ Буллингке жол жоқ!
Мақсаты: Жасөспірімдер арасында бұзақылық, яғни буллинг жағдайлардың алдын-ала отырып эмпатия қабілетінің дамуына байланысты жанжалды жағдайларда конструктивті мінез-құлық дағдыларын және топаралық қарым-қатынастарын дамыту.
Тәрбие ісінің орынбасары Искаков А.А
Мектеп психологы Мұрат Д.О
https://www.instagram.com/reel/DDPDOeqtEiE/?igsh=MXNvend0Y2c0NmFndg==
Шалқар ауылының ЖОББМ мектебінде 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні аясында
"Тәуелсіздік бастауы-желтоқсан" атты тақырыпта сынып сағаттары өткізілді.
https://www.instagram.com/p/DDW2w4ENHnd/?img_index=12&igsh=cDM4dm4wYTFkeHRu
09.12.2024 күні мектебімізде 16 желтоқсан- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай " Жетістігімді еліме арнаймын" челленджі жоспары аясында" Тәуелсіздік орнатудағы тұлғалардың ролін көрсету " танымдық сабағы өткізілді.
Сабақтың мақсаты:
1.Тәуелсіздік жолында еңбек сіңірген тарихи тұлғалардың рөлін көрсету.
2 Оқушылардың Отансүйгіштік қасиетін қалыптастыру.
3. Тарихи сананы қалыптастыру және тұлғалардың қызметін бағалауға үйрету.
https://www.instagram.com/reel/DDW2_K-NEus/?igsh=MXhjdjB2MGlrczhlYg==

Ақмола облысы Целиноград ауданы Шалқар ауылының ЖОББМ КММ
"Әншуақ" балалар әндерінің фестивалі
5 сынып оқушыларының орындауында " Егемен ел, Қазақстан" әні.
Әні мен сөзі: Н.Алғашбаев
Жетекші: Рахметов М.Ғ.
https://www.instagram.com/reel/DDb6rOpNyEb/?igsh=MWNzbmkyMHk1NWlzdg==

"Жетістігімді еліме арнаймын" челлендж аясында
"Сенім жетістіктің кілті " тақырыбында 7-9 сынып оқушылары эссе жазды.
https://www.instagram.com/p/DDdyZ8gNgXY/?img_index=1&igsh=M3YxdzllNzJmYXBs
Ақмола облысы
Целиноград ауданы
Шалқар ауылының ЖОББМ КММ
Мектебімізде 16- желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған "Жас Ұлан","Жас Қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымының салтанатты жиыны өткізілді. " Жас Қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымына 12 оқушы қабылданды.
https://www.instagram.com/p/DDhAbXeNBrI/?img_index=6&igsh=MTFxajg0b29jeDRyOA==
«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі аясында, мектеп оқушылары видеоролик түсірді.
https://www.instagram.com/reel/DDg92VStVdc/?igsh=M284OXZtZmRrOWVw

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Жетістігімді еліме арнаймын" челлендж аясында
Бастауыш сыныптар арасында"Жетістігімді еліме арнаймын" атты сыныптан тыс сабақ өткізілді.
https://instagram.com/p/DDlvVrPtpa9/

"Жетістігімді еліме арнаймын" челленджі жасалынды.
https://www.instagram.com/reel/DDuJyD7tokm/?igsh=MTlrZWVoeW41M215cA==

16- желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз" атты тақырыпта мерекелік концерт өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/DDrIO2Nt7M1/?igsh=N3l3eWJqcDhyNzhm

«Тәуелсіздік — бастауы бар бақыттың» тақырыбы аясында білім алушыларға бейнероликтер көрсетіліп, фильмдер ұсынылды
https://www.instagram.com/p/DDrItv_ttvW/?igsh=MThyNzc2bHpheThwMg==

Мектептегі тарихи-этнографиялық мұражайда «Бүгінгі күн,  ертеңгі тарих!» атты тақырыпта тарих пәнінің мұғалімі Муканова Г. Н.  5-6  сынып оқушыларына экскурсия жүргізіп,  мұражай жәдігерлерімен таныстырды.
https://instagram.com/p/DDrI6osN3Ly/

"Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында
"Мамандық таңдау - ертеңді ойлау" атты тақырыпта тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектебіміздің психологы Мұрат Д.О.
9-11 сыныптар арасында тренинг сабақ өткізді.
Тренинг мақсаты: Оқушылардын мамандық таңдауы туралы ойларын кеңейту, нығайту. Мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететіндей, мамандықтар түрлеріне мүдделерін арттыру.
https://www.instagram.com/reel/DDtMabkt1yM/?igsh=ejhwa255ZWJ4YTJl

2024 жылдың 18 желтоқсаны күні 8- 11 сынып  оқушылары арасында " Ойынға салауатты көзқарас" атты лудоманияның алдын алу қауіпсіздік сабағы өткізілді. Іс-шараның мақсаты: құмар ойын деген не, оған адам қалай тәуелді болады және оның зардабының қандай болатынын түсіндіре отырып, құмар ойындарға деген қарсы білімдерін жетілдіру.
https://www.instagram.com/p/DDuJjifNOLX/?igsh=MWd4c3pxb2NmNnBhdA==

19 желтоқсан күні 9-11 сыныптар арасында
"Мен елімнің ерімін" атты әскери спорттық сайыс  өткізілді.
Өткізген: АӘД пәні мұғалімі Закарьянов Қ.Н.
https://www.facebook.com/share/v/15uuCHGNXJ/

13.01.2025 жылы мектебімізде 5-6 сынып оқушыларының арасында “ Ұшқыр ой алаңы” жобасы аясында  зияткерлік ойын өткізілді.
Мақсаты: Оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оқушыларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты,жүйелі айта алуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу.

Өткізген: Тулешова А.М

https://www.instagram.com/p/DE4cb9Ot-da/?img_index=5&igsh=OGozN213NGY3bDdj

20.01.2025 ж. күні,
Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аға учаскелік инспекторы,полиция капитаны Балгожина Аида Манатайқызымен 5-11 сынып оқушылар арасында құқықбұзушылықтын алдын алу тақырыбында түсіндірме жұмыс жүргізді.

Целиноград аудандық ІІБ криминалдық полиция бөлімінің уәкілі, полиция капитаны Өмірсерік Ернұр Өміргалыұлы оқушыларға интернет алаяқтықтың түрлері туралы, жалпы алаяқтарға қалай алданып қалмау жолдарын түсіндіріп,жұмысын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/DFCit6jNmn1/?igsh=MWFieWh1Mmk0bjZ1NQ==

Өнегелі 15 минут 
Сынып жетекшісі: Камзебаева Маржан Еркінқызы
4 сынып оқушысы: Абишева Дария
Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны дәріптеу мақсатында түсірген танымдық видео.
Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу
https://www.instagram.com/reel/DFFLdbXtIpZ/?igsh=NTJiZHowMGp5Njh0

Өнегелі 15 минут
Сынып жетекшісі: Конакбаева Гүлжан Толеухановна
1 сынып оқушысы Дулат Айарудың ата анасы  Камзебаева Маржан Еркінқызы
“Баланы бесікке бөлеу” дәстүрі.
Мақсаты: Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу.
https://www.instagram.com/reel/DFHpl90NrzV/?igsh=MWNjcnIxOHI4N3Jibg==

21.01.2025 ж. 9-11-сынып оқушылары “Заң - әділеттілік пен тәртіптің негізі” тақырыбында эссе жазды.
https://www.instagram.com/p/DFH-TIfNWAE/?igsh=d3Azd2phbDJpcnp4

Шалқар ауылының 7 сынып оқушысы Камзебаев Айбын
Казахстан Республикасының  бокстан ашық турниріне қатысып, жүлделі
1- орын иегері атанды.
Жетекшісі:Камзебаев Е.Қ.
Астана қаласы 2025ж.
https://www.instagram.com/reel/DFIGm2qiC-a/?igsh=YzU2OTM5emZtbWxm

Шалқар ауылының ЖОББМ
27 қаңтар күні мектебіміздің 8-9 сынып оқушыларымен "Онлайн- шопингтегі алаяқтық" тақырыбында сынып  сабағы өткізілді. Оқушылар алаяқтықтың негізгі түрлерімен, жалған сайттар мен ұсыныстардың белгілерімен танысты. Интернет- дүкендерден сауда жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауды және қауіпсіз құпиясөздерді жасауды үйренді.
Өткізген: Смаилова Г.А.
https://www.instagram.com/p/DFU41mkIgb0/?igsh=d25uZjZsODE5cDEy

27 қаңтар күні 10-11 сынып оқушыларына қазіргі заманғы кең таралған алаяқтықтардан сақтану мақсатында «Дропперлер» тақырыбында сабақ өткізілді.
Өткізген:  Тажиев Б. А., Муканова Г. Н.
https://www.instagram.com/p/DFU5a3Io3jm/?igsh=MXBvMzAxb3h1c3U2ZQ==

27.01 күні мектебімізде "Есірткіге жол жоқ!" челленджі аясында 1-4 сыныптарда "Денсаулық - ең қымбат байлық" атты сынып сағаттары өткізілді.
https://www.instagram.com/p/DFU6ibCoCVg/?igsh=MzNrdGtrdXB3Ync1

"Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам" жобасы аясында 27 қаңтар 5-7-сынып оқушыларымен "Цифрлық гигиена" атты сабақ өткізілді.
Өткізген: Сулейменова А.
https://www.instagram.com/p/DFU_Jf5onnc/?igsh=MW1mY2ttandka2Z6dw==

29.01.2025 ж. Шалқар ауылының ЖОББ КММ мектебінде әдістемелік күн өтті. Мониторингтік  топ құрамына ББ әдіскерлері кірді. Әдіскерлер мектеп құжаттарын тексеріп, мұғалімдердің сабақтарына қатыса отырып, методикалық көмек көрсетті. Сонымен қатар Қараөткел мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айнаш Өмірханқызы мұғалімдермен Біртұтас тәрбие бойынша түсіндірме жұмысын жүргізіп, тренинг өткізді.
https://www.instagram.com/p/DFaegeUoLg9/?igsh=MTd2Z2RjNHduMGIwZQ==

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында “Есірткіге жол жоқ! “ челленджінің жоспары бойынша 31.01.2025ж күні 5-11 сынып оқушыларының арасында.
” Салауатты өмір, сәтті болашақ” атты тақырыпта флешмоб ұйымдастырылды.

Мақсаты: Адамға берілген құндылық-өмір сүру, сол өмірді дұрыс сүру,тәрбиелі ұрпақ өсіріп,елге адал қызмет етуге маңызды.
Өткізген: Тәлімгер Омарова Қ.С мектеп парламентінің мүшелері.
https://www.instagram.com/p/DFfRrixoIW9/?igsh=MXM2MnB2ajB3MWZneA==

Мектебімізде 05 ақпан  күні педагог-сарапшы санатына өтетін педагогтардың “Білім мен ұлттық құндылықтар - болашақтың кепілі” тақырыбында аймақтық Әдістемелік күні өтті. Іс-шараға көршілес Мәншүк, Отаутүскен, Бірлік, Оразақ, Өтеміс, Ақмол ауылдарының мектептерінен мұғалімдер келіп, сабақтарға қатысып, кері байланыс беріп кетті. Жетекші мектеп  Ақмол ауылы мектебінен әріптестеріміз келіп, оқыту семинарларын өткізді. Іс-шара жоғары деңгейде өтті.  Санаттарын көтеретін әріптестерімізге сәттілік тілейміз!
https://www.instagram.com/reel/DFwvJ7UNjNF/?igsh=MXVya2hvMXFvdm91cg==

Мектебімізде “Білімнің іргетасы-бастауыш мектеп” атты тақырыпта бастауыш сынып бірлестігінің апталығы  ақпанның алтысы күні ашылды.
Мақсаты: Білімнің сара жолы мектептен басталатынын, білімнің кең дүниеде есік ашатынын сезіндіру, білімге деген құштарлықарын арттыру, оқуға, білімді болуға шақыру.
Әдістемелік бірлестік жетекшісі  алдымен оқушылар мен ұстаздарды апталықтың ашылуымен құттықтап, апта бойына сәттілік тіледі, апталық жоспарымен таныстырды. Әрі қарай негізгі пәндер ортаға шығып, сөз сөйледі, балалар жұмбақтар және ребустар шешті, мақалдарды жалғастырып айтты. Апталықтың ашылуын мектепалды даярлық тобы “Бауырсақ” ертегісімен басталды.
1-сынып оқушылары әріптер жайлы тақпақтар айтты. 2-сынып оқушылары “Фигуралар”әнін айтты. 3-сынып оқушылары “Пәндер айтысын” жасады. 4-сынып оқушылары “Сандар”әнін айтты. 4-сынып қыздары қазақша би биледі. Оқушыларға қызықты ойындар ойнатылды. Апталықтың ашылу салтанаты өте көңілді және қызықты өтті.
https://www.instagram.com/reel/DF4WR0ENPT3/?igsh=MWhtZzJyYnU5NHh6MA==

Мектебімізде “Балалар кітапханасы”  жобасы аясында
“Шын  жүректен кітап сыйла” челленджі бастау алды.
Алғашқы кітаптар
8-10 сынып оқушыларына табысталды.
07.-14.02.25 ж. аралықта болатын осы челленджге
мектеп оқушыларын, ұстаздар қауымын белсенді қатысуға шақырамыз

Кітапханашы: Кожабекова Ж.О
https://www.instagram.com/reel/DF4Wek1typZ/?igsh=MW9qZDdiMTEyOXMwNw==

10.02.2025 жылы мектебімізде “Ғажайып әлемге-кемел біліммен “ атты жаратылыстану пәндері онкүндігінің ашылу салтанаты өтті. Оқушылар өлең оқып,ән айтып, би билеп көрермендермен “сұрақ-жауап”ойыны ойнатылды. Жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі Смаилова Г.А. білім алушылар мен ұстаздарды онкүндіктің жоспарымен таныстырды.
https://www.instagram.com/reel/DF62Vd1tNp1/?igsh=ZDV1dDYxdThhOXgy

Мектебіміздің 9 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен “Біз буллингке қарсымыз!” тақырыбында челленджі өтті.
Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту;
Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу;
Өткізген: Мектебіміздің тәлімгері Омарова Қ.С.
https://www.instagram.com/reel/DGC3AD6tRnN/?igsh=MWJ6MThwNTdpNGJwag==

Мектебімізде “Есірткісіз болашақ” атты тақырыпта 1-11 сынып оқушылары плакаттар салды.
https://www.instagram.com/reel/DGC3WTutTDJ/?igsh=cjBkdmsxcHFnOW8w

Мектеп жанындағы “Балбөбек” шағын орталықта.
“Үй жануарлары” тақырыбында ұйымдастырылған іс-шара өткізілді.
Мақсаты: Балалардың
“Үй жануарлары” туралы түсініктерін терендету.
Өткізген: Тәрбиеші Конокбаева Д. Ж
https://www.instagram.com/reel/DGC3hpsN2Im/?igsh=MWt6YWRzenlwOWFpdQ==

Мектебімізде “Ауғанның отты жылдары” атты тақырыпта 5 сыныптың оқушылары ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізілді. Оқушылардың өнерлерің тамашалап, ауған ардагерлерімен әңгімелесті. 5-сыныптың ата-аналарының қолдауымен тәтті шай ұйымдастырылды. Тәрбие ісінің орынбасары Искаков А.А және мектебіміздің ұстазы Закарьянов К.Н қонақтарға ізгі тілектерін білдіріп, ардагерлеріміз оқушыларға баталарын берді.
Өткізген: 5- сынып жетекшісі Омарова Қ.С
https://www.instagram.com/reel/DGDApzztPby/?igsh=MXRnOGNyOThtdzJ2aQ==

Бокстан Қосшы қаласында өтіп жатқан жасөспірімдер арасындағы Республикалық турнирдің үшінші жарыс күні аяқталды, нәтижесінде оқушыларымыз 4 қола, 1 күміс, және 2 алтын медаль дипломдармен марапатқа ие болды.
Жетекшісі: Камзебаев Е.Қ.
https://www.instagram.com/p/DGchmLBIBut/?igsh=MXZhZXd4MWZrdWZo

Шалқар ауылының ЖОББМ мекемесінде Бастауыш  сынып оқушылары үшін мұражайға танымдық экскурсия ұйымдастырылды. Бұл саяхаттың басты мақсаты – оқушыларды тарихи жәдігерлермен таныстыру, олардың мәдениетке деген қызығушылығын арттыру және білімдерін кеңейту болды.

Экскурсия барысында оқушылар экспонаттарды тамашалап, олардың шығу тарихы туралы ақпарат алды.
Сонымен қатар, оқушылар  ежелгі тұрмыс заттарын қолмен ұстап көріп, кейбір тарихи процесстерді тәжірибе жүзінде зерттеді.
Экскурсия оқушылар үшін пайдалы әрі қызықты өтті.

Өткізген: Муканова Г.Н.
https://www.instagram.com/reel/DGdUR9ctBNt/?igsh=MTN3am42cDV0Zmk4bA==

Мектебімізде "Ғажайып әлемге- кемел біліммен " атты тақырыпта жаратылыстану пәндер бірлестігінің онкүндігі өткізілді. 5-7 сынып қыздарының арасында " Өнерлі ұрпақ- кемел болашақ" атты өнер сайысы ұйымдастырылды. "Сұлу арулар"," KAZAK арулары" "Арулар" тобы болып сайысқа түсті.Сайысымыз 5 бөлімнен тұрды,аруларымыз сайыска өз өнерлерін,шеберліктерін,спорт
қа деген қызығушылықтарын көрсете білді.Жеңіске жеткен 7 - сынып қыздары " Сұлу арулар" тобы 1 орынға ие болды, 6 - сынып қыздары "KAZAK арулары"
3 орынға, 5- сынып қыздары
"Арулар" тобы 2 орынға иеленді.
Мақсаты:Қазақ халқының қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. Оқушыларды әсемдікті тани білуге баули отырып, эстетикалық ой өрісін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.
Өткізген: Көркем еңбек пәнінің мұғалімі: Омарова Қ.С
https://www.instagram.com/reel/DGdWqJ0NlxJ/?igsh=MTI2b2trMGhvNmx4eg==

Шалқар ауылының ЖОББМ мекемесінде Балалар кітапханасы жобасы аясында мұғалімдер арасында «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі

өткізілді. Бұл челленджідің негізгі мақсаты – оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту және кітапхана қорын толықтыру болды.
Челленджге  мұғалімдер қатысты. Әр мұғалім балаларға арналған көркем және танымдық кітаптарды сыйға тарту арқылы өз үлесін қосты. Іс-шара барысында ұстаздар кітап оқу мәдениетінің маңыздылығын атап өтіп, оқушыларды кітап оқуға ынталандыру бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

Челлендж нәтижесінде кітапхана қоры жаңа кітаппен толықты.
Мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады деп күтілуде.
Мектеп кітапханашысы: Кожабекова Ж.О
https://www.instagram.com/reel/DGf-r6vt_HL/?igsh=d3V6dGNvOGQxODZv

Мектебімізде 8-11 сынып оқушыларының арасында «Жігіттер алаңы» атты ұлдар арасында сайыс өткізілді.
Сайыс мақсаты:
-Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу.
-Салт-дәстүрді дәріптеу, ұмытылып бара жатқан дәстүрлерді жаңғырту

Өткізген- Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Искаков А.А.
https://www.instagram.com/reel/DGgPhvttEbK/?igsh=cmFlNjU0Zmx2N2pm

Мектебімізде ұстаздарға арналған”Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру” тақырыбында психологиялық тренинг сабақ өткізілді.
Тренинг мақсаты: Ұстаздар арасындағы қарым қатынасты нығайту, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Өткізген: Мектебіміздің психологы Мұрат.Д.О
https://www.instagram.com/reel/DGgSqxONXp7/?igsh=MXYyc3dpbGhkaDRhbQ==

Мектебімізде “Сенім” Психологиялық клубтың ұйымдастыруымен ұстаздарға жылы лебіздерін танытты.
Мақсаты: Оқушылар 1 наурыз алғыс айту күніне алғыс айта отырып, мұғалімдердің көңіл күйін көтеру.
Өткізген: Мектебіміздің психологы:Мұрат.Д
Психологиялық клуб мүшелері
https://www.instagram.com/reel/DGmfKEkoo-u/?igsh=djVuY2FjcDBqb2Mz

Мектебімізде ұстаздпр арасында “Ақылдылар айқасы” интелектуалдық сайысы өткізілді,ұстаздар білім додасына белсене қатысып білімдерін паш етті.

Өткізген: Муканова Г.Н және Камзебаева М.Е.
https://www.instagram.com/reel/DGmjR5ro_XX/?igsh=dmdyejl2NGhxdmM1

Мектебіміздің 4-сынып оқушылары жылы лебіздерін білдіріп,1-наурыз алғыс айту күнімен құттықтады.
Мақсаты: Оқушылар 1 наурыз алғыс айту күніне алғыс айта отырып, жақындарының көңілін көтеру.
Өткізген: Бастауыш сынып мұғалімі:Камзебаева М.Е.
https://www.instagram.com/reel/DGmjiWsoJYR/?igsh=ZmlwNGdvbzQyMGcz

Мектебімізде 1 наурыз "Алғыс айту" күніне орай, оқушыларымыз ата-аналарына алғыстарын жеткізді.
https://www.instagram.com/reel/DGmq82go_fE/?igsh=bWRpemFwdGs2ejUx

Мектебімізде бастауыш сынып оқушыларымен
"Қауіпсіз жол" атты профилактикалық жұмыс жүргізілді.

Өткізген: АӘД мұғалімі Закарьянов Қ.Н.
https://www.instagram.com/reel/DGmrfI-o48k/?igsh=MXBhYnhwMW5pMGdzMg==

1- наурыз « АЛҒЫС АЙТУ” күніне орай мектеп парламентінің мүшелері “Мың алғыс” атты құттықтау челленджі өткізілді
Ұстаздарымызды қуанту мақсатында алғысымызды білдірдік
Өткізген: Мектеп Парламент мүшелері
https://www.instagram.com/reel/DGnP8ahofzg/?igsh=azFudWtmYnMycGp6

1-сынып оқушыларына сынып сағаты өтті.
Мақсаты: Оқушылар 1 наурыз алғыс айту күні туралы мәлімет алып, алғыс айтты.
Өткізген: Сынып жетекшісі Конакбаева Г.Т.
https://www.instagram.com/reel/DGpHJOcoPZc/?igsh=MTlrYmRsdnZvemlkMA==

27.02.2025 күні, мектебімізде
"Құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг, кибербуллинг" атты тақырыпта жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті.
Жиналыстың мақсаты:
Ата-аналарды буллингтің, кибербуллингтің салдары қайда әкеліп соғатынын көрсету.

 Құқық бұзушылықтың алдын алудағы ата-ана жауапкершілігі өте маңызды рөл атқаратынын түсіндіру.
 Ата-аналардың мектеппен тұрақты қарым-қатынасын қалыптастыру.
https://www.instagram.com/reel/DGpX_FeoQ0b/?igsh=MTNhcGhwcTg3MnVheQ==

3-сынып оқушылары Аналарына хабарласып,жылы лебіздерін білдіріп, 1-наурыз "Алғыс айту" күнімен құттықтады. Ата-әжелеріне, аға-апаларына алғыстарын білдіріп, құттықтады.
Мақсаты:Оқушылар 1-наурыз "Алғыс айту" күніне орай, алғыс айта отырып,жақындарының көңілін көтеру,өзінің ризашылығын білдіру. Алғыс айта білу.
Өткізген сынып жетекшісі: Смаилова Гульнар Ажибаевна
https://www.instagram.com/p/DGpgfJ3oyxQ/?igsh=MTFyb3c0ODZrc3lpNg==

2-сынып оқушыларына  сынып сағаты өтті.
Мақсаты: 1 наурыз алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту – парызым!» тәрбиелік шара
Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту
Міндеттері: а) ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру;
ә) үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту;
б) әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.
Өткізген: Сынып жетекшісі: Сапархан Жұлдыз
https://www.instagram.com/reel/DGw1LFMItYt/?igsh=cGg5M3FhbjVmem5h

8-9 сынып оқушыларының арасында "21- ғасыр көшбасшысы" атты интелектуалдық ойыны өткізілді.
Мақсаты: оқушылардың пәндерге қызығушылықтарын оята отырып логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, дүниетанымын  кеңейту, ұйымшылдыққа, тапқырлыққа, зейінді болуға тәрбиелеу.
Өткізген:Смаилова Гульмира Ажибаевна, Койлыбаева Асель Айтбаевна.
https://www.instagram.com/p/DGyH8HfMhSq/?igsh=MXdpYjB5eHE0NXl3Ng==

04.03.2025 күні, мектебімізде 5-6 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен " Ұлттық тағамдар" жәрмеңкесі өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/DGzy8a_ou4i/?igsh=M256NHk1ZjQ0b2N2

07.03.2025 күні, мектебімізде "8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесине" орай мектепалды сынып челлендж ұйымдастырды.

Аналар мерекесіне арналған құттықтау челлenджі – оқушылардың аналарға деген алғыс пен сүйіспеншілігін білдіруге арналған шығармашылық шара. Бұл челленджідің мақсаты – аналардың мейірімі мен еңбегін бағалап, жылы лебіздері мен құттықтауларды бейнеролик арқылы жеткізу.

Бұл челлендж балалардың аналарға деген ықыласын білдіріп, мейірімділікке баулитын ерекше мерекелік шара.
https://www.instagram.com/reel/DG6EWVDIYFp/?igsh=YjVtdGtlN2Q1d2Zl

07.03.2025 күні, мектебімізде "8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні" мерекесіне арналған іс-шара өтті. Оқушылар ән айтып, би билеп, ұстаздарына,аналарына,
мектебіміздің қыздарына құттықтауларын білдірді.
https://www.instagram.com/reel/DG6JnNVo7NJ/?igsh=MWJueHc0M2ppZDgwMg==

22-науырыз Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай 14 наурыз көрісу күніне. " Ұлттық нақыштағы көрісу" тақырыбында театрландырылған көрініс көрсетілді.
Мақсаты: білім алушыларға қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрі-Көрісу күні туралы мәлімет беру.
https://www.instagram.com/reel/DHLPVxJIJcX/?igsh=dGoxODBzeDlhd2p3

1,2-сынып ата-аналары мен оқушылары қатысуымен "Қайырымдылық-қадірлі іс" көмек көрсету күні өтті.
Мақсаты: Оқушылар өз ата-аналарына көмек көрсетіп, мейірімділік, қайырымдылық қаситтерін бойына дарыту.
Жауапты: Бастауыш сынып мұғалімі Конакбаева Г.Т.
https://www.instagram.com/reel/DHNvHhBo2Mh/?igsh=MWV0YTA3ZnNlcGVsNQ==

16.03.2025 күні 5 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен
16- Наурыз
" Мәдениет және улттык салт- дәстүр" күніне орай улттык тағамдар, улттык ойындар және наурыз мерекесіне арналған сурет сайысы онлайн форматта өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/DHSM7huoscs/?igsh=MWMwdXZlb3l1b2hlNA==

Мектебіміздің "Бейбарыс" патриоттық клубы
«Ұлы Жеңіске 80 жыл» толуына орай «Намыс» Спартакиадалары аясында Ақмола облысы Целиноград ауданының жалпы білім беретін мектеп

оқушылар арасында «Отан қорғаушы» әскери-спорттық кешені бойынша жарысқа қатысты.
Целиноград ауданы бойынша жүлделі 1 орынға ие болды
Жетекші: Закарьянов Қ.Н.
https://www.instagram.com/p/DHSjWzJIhoI/?igsh=Nm1rdXB2NHBjMG4w

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарының қолдауымен "Бауырсақ-fest" бауырсақ пісіру шарасы өтті.
Мақсаты: Балаларға халқымыздың мейрамдарының бірі – Наурыз туралы түсінік беру. Балаларды ұлтжандылыққа, ана тілін құрметтеуге, халқымыздың ұлттық мерекелерін құрметтеуге тәрбиелеу.
https://www.instagram.com/reel/DHTkWU8oEmc/?igsh=MWwzMDE4eXFkMmc0YQ==

17.03.2025 күні
Ұлыстын ұлы күні 22- наурыз мейрамына арналған сынып сағаттары өтті.
https://www.instagram.com/p/DHVMle3oWiu/?igsh=MTdvYjl5d2NlMnZzaw==

Наурызнама бойынша бүгін  Ұлттық киім күні

"Бүгін — ұлттық киім күні! Бұл күн — біздің мәдениетімізді, дәстүрлерімізді және ұлттық бірегейлігімізді атап өтетін ерекше күн."
https://www.instagram.com/reel/DHVkn0goLNY/?igsh=NDh0ODBpZXlvMmxm

18-наурыз 5,6,7-сынып  оқушыларының қатысуымен "Қош келдің, әз-Наурыз" атты мерекелік концерт өтті.
Мақсаты: Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.
https://www.instagram.com/reel/DHWMdzdoump/?igsh=MThtNGpoa2VrOWJ4eg==

18 наурыз - "Ұлттық киім күні"
Наурызнаманың онкүндігі аясында Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде ұлттық киім күніне арналған сән фестивалі атты челленджі.
-Мақсаты: ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу. Бүгінгі таңда ұлттық киіміміз ұлттың брендіне айналып, қазақы нақыштағы киімді кию сәнге айналып келеді.

-Ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған челленджге мектебіміздің оқушылары өз үлестерін қосуда.
https://www.instagram.com/reel/DHWcGLFIeHo/?igsh=MWx1ODg0MHZ5empxcA==

18 наурыз - "Ұлттық киім күні"
Наурызнаманың онкүндігі аясында Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде ұлттық киім күніне арналған челленджі.
Мақсаты: ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу. Бүгінгі таңда ұлттық киіміміз ұлттың брендіне айналып, қазақы нақыштағы киімді кию сәнге айналып келеді.
https://www.instagram.com/reel/DHXxmOwIdUU/?igsh=MXN6bGdrNmhyeXc2cA==

19 наурыз күні 8 сынып оқушыларына Қазақстан мұражайларының бірі—Көкшетаудағы Әдебиет және өнер музейіне виртуалды саяхат жасау үшін бейнематериал көрсетілді.
Бейнебаян арқылы музейдің экспозициялық залдары мен жәдігерлері туралы қызықты ақпараттармен танысты.
https://www.instagram.com/p/DHYc-BGoaQo/?igsh=cDM5ZTR5NTFiajg3

19.03.2025 жылы Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай 8-11 сынып оқушыларының арасында " Ұлттық ойындар- атадан балаға мұра" атты тақырыбында ұлттық ойындар жарысы өтті.
Мақсаты: қазақтың ұлттық ойындары арқылы балаларға қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін арттыру.
https://www.instagram.com/reel/DHZDIw_I7Yr/?igsh=OW1kc2huZHdlcHo0

"Күй күмбірі" челленджі.
Халық күйі: "Тепеңкөк"
Мақсаты:Халқымыздың музыка өнеріне оқушылардың сүйіспеншілігін оята отырып , әсемдікке , сұлулыққа деген сезімдерін арттыру.
Халқымыздың музыкалық өнерінен эстетикалық ләззат алуға тәрбиелеу.
https://www.instagram.com/reel/DHaURODoJZO/?igsh=bmxqcmpvNmc3cjhw

Наурызнама бойынша 20 наурыз Ұлттық спорт күні
5-8 сынып оқушылары арасында тоғызқұмалақ, бес асық, асық ату сияқты ұлттық ойындар ойналды.
https://www.instagram.com/reel/DHaY51JobpZ/?igsh=dzJveWc4Z29yNmx4

Оқушылармен көктемгі демалысты тиімді өткізу
21.03.”Ынтымақ” күні
1-сынып оқушылардың қатысуымен “Наурыз тойы мереке, салт-дәстүрім береке” атты дәстүр калейдоскопы өтті.
Мақсаты: Оқушылар Наурыз мерекесі туралы мәлімет алып, ата-аналар қатысып, Наурызкөже,  ұлттық тағамдар ұсынып,  бауырсақ пісіріп, дастархан жайып,  салт-дәстүрлер дәріптелді.
Өткізген: Сынып жетекшісі Конакбаева Г.Т.
https://www.instagram.com/reel/DHprn5kIukp/?igsh=MXdyMWdkZmZkZ3B6bw==

24.03.2025 жылы
Көктемгі демалыс жоспары бойынша 8-11 сынып оқушыларының “ Қазақтың ұлттық тағамдарын дайындау” тақырыбы  бойынша қашықтықтан шеберлік сыныбы.
Мақсаты:  қазақтың ұлттық тағамдарының құндылығын түсіну, ұлттық мәдениетті дәріптеу.
https://www.instagram.com/reel/DHqzcapojlI/?igsh=ZmYweWw3ZHM2cmUx

27.03.2025 жылы
Көктемгі демалыс жоспары бойынша 3-4 сынып оқушыларының “ Өзіңе жазушы”,”Үздік кітап блогері” тақырыбы  бойынша өзінің оқыған сүйікті кітабымен бөлісу.
Мақсаты:  оқушыларды кітап оқуға шақыру,танымдық -рухани қасиеттерін дамыту.
https://www.instagram.com/reel/DHsr-DBIzRU/?igsh=ZTY4dzFyZHNrc3Yw

"IAF" халыкаралық өнер фестивалінің аясында 2025 жылдың 28 наурызында Астана қаласында өткен "SHASHU" халыкаралық өнер фестивалі өткізілді.Мектебіміздін окушылары катысып дипломмен марапатталды.
Жетекшісі хареограф: Касен Томирис Қайраткызы.
https://www.instagram.com/reel/DHzvUoXokJM/?igsh=bmNuZThuYXI2Zjc4

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні аталып өтті

Халықаралық балалар кітабы күні (International Children’s Book Day) жыл сайын 2 сәуірде атап өтіледі. Бұл күн 1805 жылы атақты дат жазушысы, ертегіші Ганс Христиан Андерсеннің туған күніне орай белгіленген. Мерекені 1967 жылдан бастап Халықаралық балалар және жасөспірімдер кітап кеңесі (IBBY – International Board on Books for Young People) ұйымдастырып келеді.

Мақсаты – балалар әдебиетін насихаттау, жас оқырмандардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру және олардың әдеби талғамын дамыту. Әр жылы әртүрлі елдердің жазушылары мен суретшілері осы күнге арналған арнайы үндеу мен постер дайындайды.

Бұл күн әлемнің көптеген елдерінде кітап көрмелері, әдеби байқаулар, авторлармен кездесулер және балаларға арналған оқырман іс-шараларымен атап өтіледі.
https://www.instagram.com/p/DILHDh9IP0g/?igsh=MWR4cnRjMG85cnN0cg==

“Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында
“Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап бірін ал” атты тақырыпта тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Искаков А.А және мектеп психологы Мұрат Д.О
9-11 сыныптар арасында тәрбие сабағын өткізді.
Сабақ мақсаты: Оқушылардын мамандық таңдауы туралы ойларын кеңейту, нығайту. Мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететіндей, мамандықтар түрлеріне мүдделерін арттыру.
https://www.instagram.com/reel/DINsP50oY0o/?igsh=MXRnYXg4M2JiMWtyOA
==

«Шалқар ауылының ЖОББМ» КММ оқушылары “Үнемді тұтыну “ тақырыбында түсініктеме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: Үнемді тұтыну, шығынды азайту, ресурстарды тиімді пайдалану.
Өткізген: Мектеп Парламентінің мүшелері.
https://www.instagram.com/reel/DISraszoPN0/?igsh=MWl6a3dydXI5b2RxOQ==

10.04. күні 2025 жылдың алғашқы “Таза бейсенбілік” атты ауланы тазарту жұмыстары жүргізілді. Ұстаздар мен оқушылар сенбілік өткізді.
https://www.instagram.com/reel/DISu5GHoI3R/?igsh=a2dkYnJ5bXl2djVh

2024-2025 оқу жылы
Ғарышкерлер күніне арналған сурет сайысы

Өткізген:
1-4 сыныптар сынып жетекшілер:
Конакбаева Г.Т
Сапархан Ж
Смаилова Г.А
Камзебаева М.Е.

Тақырыбы: “Ғарыш әлемі: Болашақ ғарышкерлері”

Мақсаты:
Ғарышкерлер күніне арналған сурет сайысы балалардың ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту және ғарыш әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Бұл іс-шара балаларды ғарыш туралы біліммен таныстырып, өз елінің ғарыш жетістіктеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеуді мақсат етеді.

Іс-шара барысы:
Ғарышкерлер күніне орай өткізілген сурет сайысына 1-4 сынып оқушылары белсене қатысты. Бұл сайыс балаларға ғарыш әлемі мен ғарышкерлердің қиын да маңызды қызметі туралы түсінік беріп, өздерінің өнерін көрсету мүмкіндігін ұсынды. Сайыстың негізгі мақсаты – балалардың ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау болды.
https://www.instagram.com/reel/DIVg9Ilo7o1/?igsh=eGRza2hrZWV4aTFu

12- сәуір ғарышкерлер күніне арналған
“Байқоңыр - қазақ даласының ғарыштық айлағы” атты 7-8 сынып оқушылары арасында сайыс өткізілді.
Мақсаты : Оқушылардың бойына Отансүйгіштік,адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру,ғарыш саласы туралы білімдерін толықтыру.
Оқушыларға ғарыш саласы түсінік бере отырып, Байқоңыр айлағының маңызды қасиеттерін түсіндіру.
Өткізген: География пәні мұғалімі: Рахметова К.И.
https://www.instagram.com/p/DIay7Ryo9Ej/?igsh=NDBoeTA5ZHlxeXR4
12- Сәуір ғарышкерлер күніне арналған 5-6 сыныптар арасында
“Ракета жасау” сайысы өткізілді.

Балалардың ғарыш туралы, зымыран туралы түсініктерін кеңейту, қызығушылығын арттыру, қиялын дамыту және патриоттық тәрбие беру.
https://www.instagram.com/p/DIazJ7xIdd2/?igsh=MW96eGVjanZzOXRneA==

10.04.25 Мектеп кітапханашысы “Ғарыштық” туралы көрмесін ұйымдастырды.
Мақсаты – оқырман келушілерге ғарыш әлемі туралы білім беру, ғарышты зерттеу тарихымен таныстыру, оқушылардың ғылымға, техникаға және ғарышқа қызығушылығын арттыру.
https://www.instagram.com/p/DIdFBy0oL1w/?igsh=MThxbDV3aWczc3U1OQ==

15.04.2025 ж Мектеп психологы мен Әлеуметтік педагог “ Менің отбасым және мектеп” тақырыбында тренинг сабақ ұйымдастырды.

Мақсаты – Оқушыларды өздерінің отбасы туралы жан-жақты білуге және балаға отбасының рөлі мен мектеп жайлы түсіндіру. Отбасы мен мектепті бірдей сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.
https://www.instagram.com/p/DIdazeno9Qr/?igsh=cGNieTRyb3ZscXMz

4- сынып оқушыларымен "Оқушылардың сенімділігін арттыру" тақырыбында арт-терапиялық сабақ өткізілді.
Мақсаты : Оқушылардың тест , емтихан кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру. Психикалық күштенуден (стресс пен қорқыныш) арылту.
Өткізген: Мектеп психологы Мұрат.Д.О
https://www.instagram.com/reel/DIdgF3IIP0E/?igsh=MXJ5Z2g4dTZ0OG4zcw==

2024-2025 оқу жылы
Сынып сағаты
Тақырыбы: "Суды үнемдейік – болашақты бірге қорғайық"
Мақсаты:
Оқушылардың табиғи ресурстарға, соның ішінде суды тиімді және үнемдеп пайдалануға деген көзқарастарын қалыптастыру. Табиғатқа жанашыр болуға, қоршаған ортаны аялауға, судың адам өміріндегі маңызын түсінуге тәрбиелеу.
Іс-шара барысы:
Сынып сағаты оқушыларды судың маңызы, оны үнемдеу жолдары және суды ысырап етудің салдары туралы ақпараттандырудан басталды. Балаларға арнайы дайындалған слайдтар көрсетіліп, жер бетіндегі тұщы судың мөлшері, су тапшылығының себептері және шешу жолдары түсіндірілді. Балалармен "Судың әр тамшысы – өмір" атты ойын өткізілді. Бұл ойында оқушылар суды қалай үнемдеуге болатыны туралы мысал келтіріп, өмірден алынған нақты жағдайларды талқылады. Сонымен қатар, "Судың адам өміріндегі маңызы" тақырыбында топтық жұмыс ұйымдастырылып, әр топ өз постерін жасап, таныстырды.
https://www.instagram.com/p/DIk1ps7I6jD/?igsh=MXAxbGFndzRoejlieQ==

- 18-сәуір 7- сынып оқушылырымен
"Суды унемде - болашақты сақта" сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты: оқушылар арасында суды ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыру.
https://www.instagram.com/p/DIk1zJqo15d/?igsh=MXI5MnoxODJtYzZqYg==

- 18-сәуір 9- сынып оқушылырымен
"Суды унемде - болашақты сақта" сынып сағаты өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DIk3Kc7IRjt/?igsh=MnBicnY5cngzcjFi

18-сәуір күні, 6-сынып оқушыларымен
"Суды үнемде – болашақты сақта" атты тақырыпта сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты:
Оқушыларға су ресурстарының маңызын ұғындыру, суды үнемдеудің қажеттілігін түсіндіру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғатты аялауға тәрбиелеу.
https://www.instagram.com/p/DIlH504tBRF/?igsh=MXBwdTN3d29tZ2I5MA==

- 18-сәуір 1,2- сынып оқушылырымен
“Суды унемде - болашақты сақта” сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушылар арасында суды ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыру, суды үнемдеу жолдарын түсіну.
https://www.instagram.com/p/DIlJ7VJoGcY/?igsh=M3EwbjU5NnYweXM2

Астана қаласында 16-19 сәуір аралығында 2013-2014, 2011-2012,2009-2010 жылдары туған жасөспірімдер мен кіші жасөспірімдер арасында,
бокстан УТБ кубогына ашық турнир өтті, Үш күндік жарысқа 20 салмақ дәрежесінде
Астана, Алматы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарынан 400-ге жуық спортшы қатысты.
Шалқар ОМ оқушысы Ғалым Әли 58 кг салмақ дәрежесінде 1 орынға ие болды.
Бапкер: Камзебаев Е.К.
https://www.instagram.com/p/DIsp7b2oqY3/?igsh=MTR5YTRvNXBqM3c0MQ==

Шалқар ауылының ЖОББМ КММ мектебіне білім алушылардың арасында Экологиялық “Жер сағаты” акциясы бастау алды.

Мақсаты: Әлем жұртшылығының жаһандық климаттың өзгеру проблемасына назарын аудару және адамдарды энергия мен басқада табиғи ресурстарды үнемдеуге шақыру.
“Жер сағаты” - үйлердің жарығын өшіріп, теледидарлар ,компьютерлер мен басқада тұрмыстық электр құралдарын сөндіруге шақыратын акция.
Өткізген: Рахметова К.И.
https://www.instagram.com/reel/DIwMYcWoP1t/?igsh=MXdteWVudG1lZTJpcQ==

23 сәуір – Ұлттық кітап күні
Үкімет қаулысымен 2024 жылы елімізде жаңа мереке 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып бекітілді.
Атаулы күн Мемлекет басшысының үшінші Ұлттық құрылтайда қоғамда оқу мәдениетін дамыту жөнінде берген тапсырмасы негізінде енгізілді.
https://www.instagram.com/p/DIxjHlavp5a/?igsh=MTY0ODBkaHhobTFxbA==

23 сәуір күні Шалқар ауылының ЖОББМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары– Искаков Абильмансур Айболович  және Целиноград ауданы ПБ жедел уәкілі полиция аға лейтенанты - О.А.Алтынбеков, кәмелетке толмаған жасөспірімдер бойынша инспекторы полиция аға лейтенанты М.Ж.Кашкенов ЖПІШ «Жасөспірім» аясында 7-11 сынып оқушыларына қылмыстық кодекстің баптары және «Моргендальный молодежь», «Бопсалау», «Буллинг», «Нашақорлық», «Акт терроризмге қарсы», «Интернет желісі арқылы теріс насихаттайтын ойындар мен видеороликтер» тақырыптары жөнінде түсініктеме жұмыстарын жүргізді.
https://www.instagram.com/p/DIyGIM5oGrm/?igsh=cWR5c2t6dGRwcWli

23 сәуір – бүкіләлемдік Кітап және авторлық құқық күніне орай мектебіміздің окушылары  окырмандарымызды  китап кунимен  куттыктады.
Изги тилекпен : 8 сынып оқушысы Досымжан Амина
https://www.instagram.com/reel/DIyYeSTIRlP/?igsh=MTQyY3RmemN1cDhwaw==
23.04.25 ж “Ұлттық кітап” күніне орай іс шара өткізілді

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту және оқу мәдениетін қалыптастыру.
Іс-шара аясында төмендегідей бөлімдер ұйымдастырылды:
Бастауыш сыныптар арасында
Мәнерлеп оқу байқауы;
Орта буын сыныптар арасында
«Кітап – білім бұлағы» тақырыбында эссе жазу;
Кітап көрмесі және шолу.
https://www.instagram.com/p/DIyiV-CotKj/?igsh=MmNiazhibGN2eWZy

“Smart bala” жобасы аясында мектебіміздің
8 сынып оқушысы Асанов Родион, роботты автоматтандыру және жүйелерін құру бойынша жұмыстарын көрсетті.
Жетекшісі: Камзебаева Е.Қ.
https://www.instagram.com/reel/DI03CJToLlW/?igsh=bmliNjN1ZzBhbTdm

«Шалқар ауылының ЖОББМ» КММ  24.04.25 ж Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шаралар аясында 5-7 сынып оқушылары арасында «Тарих беттеріне саяхат» атты интеллектуалдық ойыны өткізілді.
Мақсаты - оқушылардың Қазақстан және дүниежүзі тарихы бойынша білімдерін тереңдету, тарихи тұлғалар мен оқиғалар жайлы танымдарын арттыру, логикалық ойлау, шығармашылық және топта жұмыс жасау дағдыларын дамыту.
Іс-шара 3 кезең бойынша өтті: 1. «Топ басшылар сайысы» – Екі топтың капитандарына жылдам әрі нақты жауап беру үшін 10 сұрақ қойылды.  2. «Тұлғаны таны» – Екі топқа тарихи тұлғалар туралы сипаттама беріліп, оларды кім екенін анықтау қажет болды. 3. «Логикалық кезең» – Сурет, жұмбақ және логикалық сұрақтардан тұратын қызықты тапсырмалар арқылы оқушылардың тарихқа креативті көзқарасы байқалды.
Бұл іс-шара оқушыларға тарихты тек жаттап қана қоймай, оны өмірмен байланыстыра білуге, шығармашылықпен ой жүгіртуге және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге жол ашты.
https://www.instagram.com/p/DI1MsN-oBm0/?igsh=MWdrMGNlNDRxN2Y0cQ==

“Қамқор” жобасы аясында, “Түлектердің ағаш егу” республикалық челленджі.
https://www.instagram.com/reel/DJE-vlDoQE4/?igsh=MTRtdWx6NmFhcG94MA==

Өнегелі 15 минут
Сынып жетекшісі: Конакбаева Гүлжан Толеухановна
1 сынып оқушысы Жанат Шамильдің атасы: Смаилов Жанат Мұратұлы “Жеті атаны білмеген жетесіз” әңгімесі.
Мақсаты: Жеті атаны дәріптеу.
https://www.instagram.com/reel/DJGQo0Xo7In/?igsh=MXd0ZGZ6YXJqbXA3MA==

1 - мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған “Бейбітшілік  ел тілегі” атты мерекелік іс-шара өткізілді.
Оқушылар, әр ұлттың ұлттық киімін киіп, әндерін айтып, биін билеп, ұлттық тағамдар көрмесі өткізілді.
Мақсаты: 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.
https://www.instagram.com/reel/DJGSw5zP7yv/?igsh=MXZ5dnY1M2hhYXRkbQ==

7-мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған сынып сағаттары өткізілді.
https://www.instagram.com/p/DJR7_GNo_Tz/?igsh=MW80ZGQ3ZTNlM3QxZw==

МАМЫР - БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ:
“Ынтымақ жүрген жерде-ырыс бірге жүреді”
Жалпы ата-аналар жиналысы
Тақырыбы:
“Құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу мәселелері бойынша отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы”

Отаутүскен және Шалқар ауылының ата-аналары мен мұғалімдер ұжымы аталған тақырып бойынша белсенді әңгіме, талқылаулар жүргізіп, бала тәрбиесі ортақ мәселе екені тағы да тілге тиек етіліп, құқық бұзушылықты болдырмау мәселесінің шешімдерін талдады.
https://www.instagram.com/p/DJSA9z8ooUL/?igsh=MTV5c2RkbW04ZXlhZg==

9-мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған волейбол жарысы ұйымдастырылды.
Жарысқа Целиноград ауданының мектеп басшылары командасы, ағылшын пәні мұғалімдер командасы, дене шынықтыру пәні мұғалімдер командасы және мектеп оқушылар командалары қатысып,жарыс сонында жүлдегерлер мақтау қағаздарымен марапатталды.
https://www.instagram.com/reel/DJYq24Fow-F/?igsh=a3dueTAyeHZ5cGVk

Мектебімізде бүгін 9 - Мамыр, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ұлы Жеңіс; Ерлікке тағзым,ұрпаққа үлгі» атты мерекелік бағдарлама өткізілді. 80 жыл өтсе де- Жеңістің рухы өшкен жоқ.
Бейбіт көк аспан- сол ерліктің жемісі! Біз - бүгін ұрпақ,сол бабалар аманатына адал болуымыз керек! Жеңіс күні- жүректерде мәңгілік!
Оқушыларымыз ән айтып,би билеп,таппақ айтып өз өнерлерін көрсетті.Мерекелік бағдарлама да мектебіміздің тәрбие ісінің орынбасары: Искаков А.А құттықтау сөз сөйлеп,оқушыларға жылы лебіздерін білдірді.
https://www.instagram.com/reel/DJYsfsIISd6/?igsh=MWNrc21lYXlyZjQ3aA==

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған 8-9 «Жауынгерлік Рух» атты сыныптан тыс әскери дайындық өткізілді.
Өткізген: Закарьянов Қ.Н.
Тажиев Б.А.
https://www.instagram.com/p/DJcNTtzoLt-/?igsh=MWFlZGZpanRseHU3cw==

Мектебімізде 9-мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған көрме ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/DJi8nA8oHKK/?igsh=MTFyejgyb21ucDMwYw==

9-мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған шеру өткізілді. Шеруге мектеп оқушылары қатысып, әндер айтылып, би биледі.Мектеп ұжымы, ауыл тұрғындары мен ардагерлердің туған туыстары ескерткіш басына гүл шоқтарын орнатты.
https://www.instagram.com/reel/DJhLPjNI-Bz/?igsh=MTFvejdjcHNrbnhuNg==

2025 жылдың 22 мамыр күні мектебіміздің тәрбие ісінің орынбасары Искаков А.А. және полиция сержант Муратов Т. 5-11 сынып оқушылары арасында “Қос дөңгелекті қауіп: мопед, скутер,мотоцикл”,”жазғы демалыс кезіндегі суға түсу ережелері”,”Зиянды әдеттер: насвай, электронды темекі” жөніндегі түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
https://www.instagram.com/p/DJ91EaJIT1y/?img_index=1&igsh=MXVhaW9nYjd0aHZjZg==

2024-2025 оку жылының аяқталуына орай “Сәт сапар,жас түлек -2025!” мектеп бітіруші түлектеріне арналған салтанатты жиын өтті.
Мектеп директоры мен құрметті қонақтар түлектерге жылы лебіздерін білдіріп, ақ жол тіледі!
Түлектер ұстаздарына, ата-аналарына алғыстарын білдіріп, мектеп оқушыларына аға-апалық тілектерін арнады.
Мектеп директоры Т.М.Ганеев үздік оқыған және екпінді оқушыларды алғыс хаттармен марапаттады.
https://www.instagram.com/reel/DKBpzfLv3N5/?igsh=dGFlYzF0N25remps